

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламентта
«__» _____ 20 __ года

2024 жылы 22 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А.Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Қазір – ақпараттық ғасыр. Әлемдік үрдіске қарағанда, осындай кезеңде түрлі ақпараттық тартыстардың да етек алатынын көріп отырмыз. Бұл ретте, ақпараттың ақиқаты пен жалғанын айыра білу қажет: «жылтырағанның бәрі алтын емес, айқайлағанның бәрі ақиқат емес». Аттаны көп, ақиқаты жоқ арзан сөзге арандап қалу оп-оңай.

Соңғы күндері еліміздегі су тасқынына байланысты әлеуметтік желілерде **негізі жоқ желсөзді желдей есіп жүргендер жетерлік.**

Табиғи апатты пайдаланып, дабылға қиқу қосып кеткендер де бар. Олар «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартадының» керін келтіріп жүр.

Иә, орын алған апатты жағдайдың ушығып кетуіне себеп болған жергілікті биліктің қамсыздығы мен дәрменсіздігіне қатысты сын айтылуы керек. Бірақ сын – шын болуы тиіс және ол сын билік пен қоғамдағы қателіктерді түзеуге сеп болғаны жөн. **Ол сын қоғамға лаң салып, іріткі тудырмауы тиіс.**

Дегенмен, көзіқарақты адамға **бұл ақпараттық өрттің бір пұшпағын «Ескі Қазақстанның» өкілдері үрлеп жүргені байқалады.** Олардың мақсаты айқын – елдегі ереуіл жағдайды еселеп, өшпенділікті өршіту және сол арқылы қоғамда тұрақсыздық тудыру.

Нәтижесінде мемлекеттік органдар орашолақ, билік берекесіз деген қоғамдық пікір тудырып, қазіргі мемлекет басшысының беделін түсіріп, халықты жік-жікке бөлуді көздесе, екінші жағынан, 30 жылғы әрекетсіздіктері мен жемқорлығы салдарынан әбден қордаланып, бүгінде орын алып отырған табиғи апаттан өздерін арашалап алғысы келеді.

Жекелеген өңірлерді топансудың басуы, өзендердің арнасына **сыймай тасуы – бір күннің, не бір жылдың кінараты емес.** Бұл – көктемгі су тасқынына бөлінген қаражаттың **30 жыл бойы талан-таражға түсуінің,**

апаттың алдын алуға және су қоймаларына арналған бөгеттер мен арналардың салынбауының, өзендер мен арықтар арнасының кеңейтілмеуінің салдары. Тиісті гидрогеологиялық ғылымды құртып, су шаруашылығы саласын таратып жіберудің зардабы. Қазіргі қолданыстағы су қоймалары мен бөгеттер өткен ғасырдың 50-70 жылдары салынған.

Мәселен, Тарбағатай мен Зайсандағы мен өз көзіммен көріп қайтқан Қандысу және Үйдене су қоймалары 1960 жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген. Кендірлік өзеніне су қоймасын салу жөнінде 1990 жылы көтерілген жергілікті бастаманы құлаққа қыстырған ескі билік жоқ. Мұндай керенау фактілер басқа аймақтарда да орын алғанын тасқын басқан өңірлерге барып қайтқан депутаттар да айтып келді.

Елде соңғы 30 жылда бір де бір жаңа су қоймасы салынбаған. Міне, қазір соның зардабын тартып жатырмыз. Жемқорлықты бұйдасыз жіберіп, халықтың қазынасы есебінен шылқып байыған ескі жүйенің тасада отырған жымысқы жемқорлары бұған бүгінгі жаңа буынды кінәлі қылмақ ойлары бар.

Енді міне, елдегі апатты жағдайды пайдаланып, «ескі Қазақстанның» өзеуреген өкілдері ақпараттық майданның отына май құя бастады.

«Шал, кет!» деген ескі ұранды жаңғыртып, «шал, кел, біз асығыстық жасаппыз» деген далбасаны жалаулатып, ескіні аңсаудың амалымен ағайын арасын арандатқысы келеді. Кімнің – кім екенін, «ескі» мен «жаңаның» айырмасын халық жақсы білуі тиіс.

«Ескінің» есесін іздегендер тик-ток желісіне салып, әлеуметтік желілер мен уатсаб сегментінде тарап жатқан «Тоқаевтың кезінде халық кедейленіп кетті» деген технологиялық пропагандаға қарсы көптеген дерек келтіруге болады.

«Сезікті бұрын секіреді» дегендей, ескі Қазақстанның кейбір өкілдері «мұндай ақпаратқа біздің қатысымыз жоқ» деп, ат тонын ала қашып, ақталып бағуда.

Егер ақ пен қараны, шындық пен жалғандықты айыру қажет болса, қоғамның **«құлағына алтын сырға» ретінде біраз салыстырмалы мысал келтірейін.**

Тапсырыспен жасалған саяси өлімдер қай биліктің кезінде жасалып еді? Алтынбек Сәрсенбаев пен Заманбек Нұрқаділовтің атылуына дейін, «ДАТ» газетінің журналистері Асхат Шәріпжанов пен Құрманбекті кім өлтіріп кетті?

Танымал оппозициялық журналистер Нүри Муфтах пен Батырхан Дәрімбет жолдың шетінде жаяу тұрып, автомобиль аптына қалай тап болды? «Закон и правосудие» газетінің журналисті Оралғайша Омаршанова бір түннің ішінде қалай жоғалып кетті, 2007 жылдан бері оның өлігі неге табылмады?

Қоғамдық-саяси газеттер – «XXI век», «Эпоха», «Сөз», «Трибуна», «Республика» және басқалары, тәуелсіз «Максимум» радиосы, «Макс» тәуелсіз телевизиясы кімнің билігі кезінде жабылды?! «Таң» телекомпаниясының толқын тарату мұнарасы кімнің кезінде жарылды?!

30 жылдың ішінде «ДАТ» газетін 11 рет кім жаптырды?! Тәуелсіз интернет-сайттар «Навигатор» мен «Navi.kz» қай Қазақстанның кезінде

қудалауға тап болды? Тәуелсіз БАҚ-тардың редакцияларына кімнің билігі кезінде қарақшылық шабуылдар жасалып, дүие-мүлкі өртелді?

Орыстар айтпақшы, «все познается в сравнениях», «Жаңа Қазақстанның» кезінде осының бір де бірі болды ма? Әрине болған жоқ, болмайды деп сенеміз!

Біз бүгінгі қол жеткен қоғамдық-саяси құндылықтарды неге қадірлей алмай жүрміз?

Оның бір себебі – халыққа айтары бар, абырой-атағы бар қоғам белсенділерін «ескі Қазақстан» өз бауырына баса басып, оларды «Жаңа Қазақстанға» қарсы айдап салу үшін белгісіз бір қорлардың атынан түсініксіз гранттар беруде. **Жекелеген қоғамдық пікір лидерлерін сатып алуда.** Ал халықтың саяси тұрғыда сауатсыз өкілдері далбаса дабыраға қиқу қосуға әуес.

Дегенмен, қалай десек те, реваншистік күштердің дегені болмайды. Өйткені қазақ әрдайым бірлік пен берекені бірінші орынға қояды. Қиын-қыстау сәтте бар қазақ бір қазақ болып, бір тудың астынан табылады. Мұны қазіргі жағдай көрсетіп отыр.

Сондықтан ел Үкіметіне, Бас прокуратураға ақпараттық кеңістігімізге тұрақты мониторинг жасап, елдің бірлігіне сына қағатын, арандатушылық сипаты бар, заңға қайшы, негізі жоқ фейк ақпараттарды таратудың алдын алу шараларын қолға алуды ұсынамын.

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**Е. Бапи
Ж.Амантайұлы
Н. Әуесбаев
А.Т.Құспан**

*орынд.: А.Ауталипова
тел.: 74-60-51*